

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 1267 Қаулысы
 Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 36, 502-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 10-бөлімде:

реттік нөмірі 8-жолдың 5-бағанында "2008" деген сандар "2010" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 16-жолда:

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, СА, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша)";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-1-жолмен толықтырылсын:

"

30-1.	Сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарын тарту және халық пен бизнес орта арасында ұйымдастыру-түсіндіру іс-шараларын жүргізу жолымен ірі қалаларда оларды сату кезінде төлем карточкаларын қолдануды кеңінен енгізуді қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 5 қаңтар, 5 шілде		
-------	--	-----------------	--	------------------------------	--	--

реттік нөмірі 46 - жолда :

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭБЖМ (жинақтау), АШМ, Қаржымині, СА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "ЭЗИ" АҚ (келісім бойынша)";

ескертпе мынадай мазмұндағы аббревиатуралармен толықтырылсын:

"ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
м и н и с т р л і г і

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

"ЭЗИ" АҚ - "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов